

Жеңіл өнеркәсіп бойынша 2020 ж. қаңтар-тамызға арналған дайджест



Жеңіл өнеркәсіп өндірісі көлемінің динамикасы, млрд. теңге




Түсінік:

ҚР жеңіл өнеркәсібі өнімінің өндіріс көлемі 2020 жылғы қаңтар-тамызда 76 млрд. теңгені құрады, номиналды көріністе 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 11% жоғары. Өнімнің физикалық көлем индексі 2020 ж. қаңтар-тамызда 111% құрады. Тоқыма өнім өндірісінде (107,2%) мақта талшығы, мақта мата және төсек-орын тысы өндірісі көлемінің өсуі есебінен; былғары және оған жататын өнім өндірісінде (166,2%) спорт аяқ киімі мен арнайы аяқ киімнен басқа былғарыдан жасалған аяқ киім өндірісінің өсуі есебінен өсу; киім өндірісінде карантин шаралары (кәсіпорындар, сауда үйлері қызметін уақытша шектеу, сұраныс пен сатып алу қабілетінің төмендеуі) әсерінен аздап төмендеу байқалады (98,9%).

ҚР өңірлері бойынша жеңіл өнеркәсіп өнімінің
2020 ж. қаңтар-тамыздағы өндірісі, млрд. теңге


(саланың негізгі шоғырлануы: Түркістан облысы, Шымкент қ., Алм. облысы)




**Жеңіл өнеркәсіп өнімі негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-тамызда
2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемі**

Мына таурлар бойынша ең жоғарғы өсу байқалады: былғары аяқ киім, арнайы аяқ киім 6 есе, мақта талшығы 3 есе, мақта мата (+17%)

Ең жоғарғы төмендеу сыртқы тоқыма киім өндірісінде байқалады: свитер, джемпер, пуловер, кардиган, жилет және машинамен немесе қолмен тоқылған тоқыма өнімдері 2 есе, ІҚМ терісінен жасалған былғары (-33%)



САУДА ЖӘНЕ САТУ
НАРЫҒЫНЫҢ
КӨРСЕТКІШТЕРІ



Экспорт

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің экспорты 2020 ж. қаңтар-шілдеде 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 48% қысқарды және 80,1 млн. АҚШ долл. құрады. Жеткізулердің қысқаруы COVID-19 пандемиясына байланысты барлық елдердегі карантин шараларын енгізуге байланысты болды.

Импорт

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің импорты 2020 ж. қаңтар-шілдеде 836,1 млн. АҚШ долл. құрады, бұл 2019 ж. көрсеткіштен 13,5% төмен. Импорт өнімді қысқарту COVID-19 жағдайына да байланысты.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-шілдедегі экспорт/импорт құрылымы

ТАУАР АТАУЫ	ЭКСПОРТ
Мақта талшығы	58%
Поливинилхлоридпен қапталған тоқыма материалдары	7%
Төсек орын тысы	6,5%
М/м мата	4%
Басқа	24,5%
Барлығы	100%

ТАУАР АТАУЫ	ИМПОРТ
Аяқ киім	22%
Ерлер және әйелдер киімі	13%
Басқа дайын өнімдер	4%
Кілем және кілем бұйымдары	3,3%
Саквояж, чемодан, әйелдер сөмке-чемоданы	3%
Басқа	55%
Барлығы	100%

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН

QazIndustry

Aspara Fashion Week жобасының VI маусымы басталады



Жобаның алтыншы сезоны Жамбыл облысы Мерке ауданында 7-10 қазан аралығында өтеді. Жаңандық шара онлайн форматында өтеді. Әлемнің әр түрлі едерінің дизайнерлері мен сарапшылары тәжірибе алмасады, жаңа мәдениетпен танысады.

Ірі халықаралық оқиғаға 32 елден 90 астам дизайнер, сондай-ақ, 30 атақты fashion блогер, журналистер, Еуропа мен Азияның ірі Сән аптақтарының президенттері қатысады.

– Әр маусым сайын қатысушы – дизайнерлер мен сарапшылар саны артуда, – дейді Aspara Fashion Week халықаралық жобасының президенті, «Асыл-Дизайн» сән үйінің бас дизайнері, «АСПАРА» Тараз қ. модельдік өнер және бизнес колледжінің құрылтайшысы, техникалық ғылымдар кандидаты, өнертану ғылымдарының доценті, ҚХР киім және тоқыма өндірушілер қауымдастығының мүшесі, 80 астам имидждік және маусымдық топтаманың авторы Айдархан Қалиев. – Қазіргі уақытта жоба тәжірибе алмасу, азиялық дизайнерлерді, соның ішінде, қазақстандық дизайнерлерді әлемдік подиумдарға шығаруға арналған платформа болып табылады. Aspara Fashion Week сияқты іс-шаралар способствуют мәдени құндылықтарды сақтауға, Қазақстан имиджін дәріптеуге ықпал етеді.

Дереккөз: ruh.kz

Қазақстандық студенттер қайта өңделген пластиктен киім брендин ойлап тапты



Қазақстандық университет студенттері Pioper экологиялық брендин ойлап тапты, ол қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешіп қана қоймай, сонымен қатар, әлеуметтік осал топтағы әйелдерді жұмыспен қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күні бренд авторлары бренд ассортиментін дамыту және кеңейту үшін инвесторлар іздеуде.

Бастапқыда бұл жоба Enactus халықаралық конкурсы шеңберінде ХАТУ тобымен құрылды.

Іздеу барысында біз қайта өңделген пластиктен киім тігетін ресейлік киім дизайнері туралы мақала тауып алдық және біз де халықтың әлеуметтік осал тобындағы әйелдерді жұмыспен қамту ерекшелігімен осы жобаны өз нарығымызға бейімдей аламыз деп ойладық. Сондай-ақ, жоба қоршаған ортаны қорғау мәселесіне негізделді, өйткені мен және менің командам Қазақстанда экологиялық тұтыну мәдениетін белсенді дамытудамыз. Менің командамда Даурен Бексейітов пен Гаухар Ибрагимова жұмыс істейді.

Алғашқы өнім 35 данада шығарылды. Бұл шопперлер, футболкалар және свитшоттар.

Дереккөз: mybusiness.kz

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



РФ аяқ киімін таңбалауға сұраныс шегіне жетпеді



1 шілдеден бастап 15 тамызға дейін 150 570 930 аяқ киім таңбалау коды берілді.

Сонымен қатар, шілдеде маусыммен салыстырғанда 2020 жылғы бұл көрсеткіш шамамен 2% өсті. Шілде айы таңбасыз осы өнімдерді көтерме және бөлшек сатуға тыйым салудың алғашқы айы болды.

Шілдеде BMJ-logistics 200 мың жұп аяқ киімді таңбалады, - деп хабарлады логистикалық оператордың баспасөз қызметінде. 2020 жылдан бастап оператор ЦРПТ серіктесі болып табылады. DataMatrix штрих-кодтарын логоператор негізінен Германия (60%) мен Латвияның (30%) қоймаларында импорт аяқ киімдерге түсірді. «Ресейде кеден қоймасында өнімнің 10% ғана таңбаланған. Аяқ киім негізінен Италия, Вьетнам және Германиядан импортталды. – Бұл қызметке сұраныс (LR: таңбалау) өз шегіне жетпеді. Биыл біз, тәулігіне 72 мың тауар өңдеуге қабілетті бесінші қойманы ашуды жоспарлап отырмыз», – дейді BMJ-logistics директоры Андрей Мешков.

2020 жылдан бастап оператор аяқ киімге DataMatrix кодтарын түсіру бойынша экспериментте перспективті технологияларды дамыту орталығының серіктесі болып табылады. Компанияның 4 қоймасында аяқ киім, киім, аксессуарлар, үйге арналған тауарлар, төсек-орын тысы, ойыншықтар, сондай-ақ, басқа да тұтынушы тауарлары таңбаланады.

Дереккөз: polpred.ru

"Беллепром" былғары-аяқ киім саласында өндірістің оң динамикасы байқалады



Концерн басшысы Татьяна Лугина сала сауда орындарының жабылуы және тұтынушылар сұранысының төмендеуі нәтижесінде тауар айналымы 20%-дан астамға төмендеген кезде пандемияның салдарын басқаларға қарағанда көбірек сезінгендігін мәлімдеді.

Тиісінше, экспорт үштен бірге қысқарды. Өнеркәсіптік өндіріс индексі (ӨӨИ) алты ай қорытындысы бойынша 78,3% деңгейінде болды, сату табыстылығы - 5,5%. «Алайда, шілдеден бастап нарық жандана бастады. Тамызда оң өзгерістер болды. Барлық кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс істеуде. Тамыз бойынша ӨӨИ 88% деңгейінде болады және оң динамика сақталады деп күтеміз», - дейді ол.

Сонымен қатар, «Беллепром» төрағасы сала кәсіпорындары алдында бірқатар күрделі міндеттер тұрғандығын атап өтті.

Біріншіден, шикізат бағаларын төмендету және ішкі шығындарды төмендету бойынша жылдам және терең жұмыс, бұл дайын өнім - аяқ киім мен галантереяға бәсекеге қабілетті және қолжетімді бағаларды орнатуға мүмкіндік береді. Екіншіден, отандық былғары кәсіпорындарымен тығыз ынтымақтастықта модельді аяқ киім және жаңа өнім түрлерін әзірлеу. Үшіншіден, жаңа нарықтар іздеу, соның ішінде, Еуроодақ, Қытай және басқа да елдер аумағында іздеу.

Дереккөз: polpred.ru